**Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөліміне өзгеріс енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 61 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 67 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентіне өзгерістер енгізілсін.

2. Ресей Федерациясы Үкіметінен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 69 шешімімен бекітілген Ерікті түрде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламенті талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеу (сынақ жүргізу) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаның 170-тармағына сәйкес мемлекетаралық стандартты әзірлеуді жеделдету сұралсын.

3. Осы Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
|---|---|---|---|---|
| М. Григорян | И. Петришенко | Ә. Смайылов | Э. Асрандиев | А. Оверчук |

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 62 шешіміне
ҚОСЫМША

**Кеден одағының "Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 033/2013) техникалық регламентіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 61-тармақтың "в" тармақшасындағы ауыстырылатын сөздер қазақ тілінде өзгеріссіз қалдырылсын.

2. № 1 кестедегі № 1 қосымшада:

а) атауындағы "Ішетін сүт" деген сөздерден кейін ", қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 1-графадағы позиция "қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен толықтырылсын:

3. № 3 қосымшада:

а) 1-графаданың бірінші позициясындағы ауыстырылатын сөздер қазақ тілінде өзгеріссіз қалдырылсын.

б) бірінші позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Қайта қалпына келтірілген сүт | мөлдір емес сұйықтық | сұйық біртекті тұтқыр емес | аздап қайнаған дәмі бар сүтке тән. Тәтті дәмі бар. Дәмі мен иісі қанықты болуы мүмкін | ақ түсті, майсыз сүт үшін - байыту үшін пайдаланылатын компоненттің түсіне қарай көкшіл реңкті болуы, зарасыздандыр-ылған сүт үшін, байытылған сүт үшін – байыту үшін пайдаланылатын компоненттің түсіне қарай жеңіл ашық реңкті болуы мүмкін". |

4. І-бөлімдегі № 8 қосымша:

а) атауындағы қазақ тіліндегі сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

б) 1 және 2-тармақтағы "Ішетін сүт" деген сөздер "Ішетін сүт, қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 1-кестедегі № 1 қосымша:

а) атауындағы "Ішетін сүт" деген сөздер "Ішетін сүт, қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мәтін бойынша "сүт" деген сөз "ішетін сүт, қайта қалпына келтірілген сүт" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК